1. Иінді тұтқаны басып, «үлкен жалын» позициясына бұраңыз.
2. Кранның тұтқасын ұстап тұрғанда үстел оттығына жағыңыз.
От бар пештер үшін - тұтқаны « ✳ » позициясына бұру үшін басып тұрыңыз, жалынның пайда болуын күтіңіз.
3. Жалын пайда болғаннан кейін, кран тұтқасын «үлкен жалын» мен «кіші жалын» позициялары арасында жұмыс орнына жылжытыңыз.

! ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Жанарғы алау сөнген кезде (кез келген себеп бойынша) тұтқаны «жабық» жайғасымына орнату керек және кем дегенде 1 минуттан кейін қайта тұтандыруға талпыныс жасау керек.

! ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Үстелдің «газ-бақылау» құрылғысы бар плиталар үлгілерінде алау кездейсоқ сөнген кезде 90 сек. кейін жанарғыға газдың берілуі тоқтатылады. Жанарғыны қайта тұтандыру үшін «Газ-бақылау» құрылғысы бар үстел жанарғысын тұтандыру» бөлімінің тармақтарын қайталаңыз.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жанарғылар шешілген кезде электрлік тұтандыру батырмасын басуға тыйым салынады – бұл электрлік тұтандыру жүйесінің жұмыс ресурсын төмендетеді немесе оның істен шығуына алып келуі мүмкін.

! ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! ! Біріктірілген тұтандырумен жабдықталған плиталар үшін үстел жанарғыларының шүмегі «үлкен алау» жайғасымынан «жабық» жайғасымына қарай жабылған кезде тұтандыру ұшқынының болуы өндірістік ақаулық болып табылмайды. «Жабық» жайғасымында ұшқын болмау керек.

! ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Егер Сізді плита шыны қақпақпен жабдықталса, келесі әрекеттер жасауға БОЛМАЙДЫ:
- Қақпақ жабық болған кезде үстел жанарғысын жағуға.
- Қақпақты жанарғылар жанып тұрғанда немесе салқындамағанда түсіруге.
- Қақпаққа ыдысты қоюға.

12. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫ

■ Плиталардың барлық үлгілерінің қыздыру шкафы төменгі қыздырғыштармен жабдықталған, плита үлгісіне байланысты қыздыру шкафы жарықтандырумен, гриль қыздырғышымен, электрлік конвектормен, сақиналы ТЭҚ қосымша жабдықталуы мүмкін.
■ Қыздыру шкафы келесі керек-жарақтармен толымдалуы мүмкін (7 б. қар.):
Пісіруге арналған таба (алюминий) кондитерлік өнімдерді әзірлеу, ет, құс, балық және т.б. пісіру үшін қолданылады.;
Майды жинауға арналған (эмальдан жасалған) теген ет тағамдарын дайындау кезінде шығатын сөл мен майды жинау үшін қызмет етеді.
Қыздыру шкафының **торы** әр түрлі деңгейлерде табаны, түпқойманы және пісіруге арналған басқа қалыптарды орнатуға арналған сөре ретінде қолданылады.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пісіру науасын пайдаланғанда, қышқыл баспа құралдарымен байланыста болмаңыз.
! Алюминий табада полиэтиленді қабықша болуы мүмкін. Табаны пайдалану алдында қабықшаны алып тастау керек.
Қыздыру шкафының негізгі (төменгі) қыздырғышы қосулы болғанда қыздыру шкафының түбінде әр түрлі асүй ыдысын, табаны немесе түпқойманы қалдырмаңыз. Бұл қыздыру шкафының эмаль жабынының жарылуына (ыдырауына) және оны тазалау кезіндегі ықтимал жарақаттарға алып келуі мүмкін.

12.1. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫНЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

■ Қыздыру шкафын басқару қыздыру шкафының ТЭҚ қосатын және сөндіретін режимдер ауыстырып қосқышымен жүзеге асырылады.

■ Қыздыру шкафында жұмыс температурасының орнатылуы қажетті температураны ұстап тұратын термореттегішті қолданумен қамтамасыз етіледі. Температура шамалары басқару панелінде көрсетілген, температуралар жуық шамалар болып табылады және ±15°С шектерінде өзгеріп отыруы мүмкін.

■ Гриль режимінде қыздыру шкафында жұмыс температурасын орнатуды термореттегіштің басқару тұтқасын келесі жайғасымдарға бұру арқылы жүргізу керек:

- «180°С» аспайды конвектормен бірлескен гриль;
- «200°С» аспайды гриль режимінде (конвекторсыз).

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электронды таймермен жабдықталған плиталар үшін қыздыру шкафының қыздырғыштарын қосу алдында, ағымдағы уақытты орнатып, таймерді пайдаланыңыз («Электронды таймер» бөлімін қар.). Электрлік-механикалық таймермен жабдықталған плиталар үшін қыздыру шкафының қыздырғыштарын қосу алдында, «» жайғасымын орнатып, таймерді пайдаланыңыз («Электрлік-механикалық таймер» бөлімін қар.).

12.2. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫНЫҢ ЫҚТИМАЛ ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Режимдердің белгіленуі	Режимдер	Жылулық өңдеу бойынша ұсыныстар
	Гриль	Қуыру
	Гриль істікпен	Жоғарғы қабықшаны қызарту, грильде қуыру
	Гриль конвекциямен және істікпен	Қытырлақ қабықша алу үшін қуыру (қуырдақ, тауық)
	Гриль конвекциямен	Қызарған жоғарғы қабықшаны алу үшін қуыру
	Төменгі ТЭҚ режимі	Жемістермен, ірімшікпен жабылған пісірме, дайын тағамдарды жылыту
	Алдын ала қыздыру	Еріту, қызарту
	Қарапайым режим	Дәстүрлі қуыру, пісірме
	«Жұмсақ» үнемді режим	Өнімдерді еріту, саңырауқұлақтарды және жидектерді кептіру
	Термоайналым режимі	Еріту, дайын тағамдарды жылыту
	Термоайналымды қамтитын, төменгі ТЭҚ режимі	Бірнеше деңгейлерде тағамдарды бір уақытта әзірлеу
	Конвекциялы қарапайым режим	Дәстүрлі жеделдетілген қуыру
	Салқын конвекция	Еріту, соның ішінде жемістерді және кондитерлік өнімдерді еріту
	Конвекцияны қамтитын, төменгі ТЭҚ режимі	Еріту, дайын тағамдарды жылыту
	Конвекцияны қамтитын алдын ала қыздыру	Тағамдарды жылыту, кептіру
	Қыздыру шкафын жарықтандыру	

12.3. ҚУЫРУ ШКАФЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Қуыру шкафы төмендегідей реттілікте іске қосылады:

■ Режимді ауыстырып-қосқыштың тұтқасымен қуыру шкафының Өзіңізге қажетті жұмыс тәртібін орнату, тұтқаны кез келген жаққа бұрып, оны қажет белгіге орнату. Сонымен бірге тұтқаның үстінде қызыл дабыл шамы жанады, ол қуыру шкафының дайын екендігін білдіреді, бірақ қыздырғыштар қосылмайды.

■ Қыздыру элементтерін қосу үшін термореттеуіштің тұтқасын сағат тілімен бұру керек және таңдап алынған температуралық аралықты орнату. Сол кезде тұтқада сары дабыл шамы жанады.


■ Тиісті температураға жеткен соң термореттеуіш қыздыру элементтерін және істік желісін өшіреді, ал сары дабыл шамы сөніп қалады. Мұндай режим қуыры шкафындағы температура тиісті шамасына дейін төмендегенше сол қалпын сақтап тұрады. Содан кейін термореттеуіш

автоматты түрде қыздыру элементтері мен істік желісін қосады және қуыру шкафын тиісті температураға дейін қыздырады да, сосын сары дабыл шамы қайта жанады.

■ Термореттеуіш пен электрконфоркасын қосқан кезде сары дабыл шамы жануы мүмкін. Сонымен бірге қуыру шкафының қыздырғыштары қуыру шкафының режимді ауыстырып-қосқышпен жұмыс тәртібін таңдаған соң ғана қосылады.

■ КМ341 321, КМ341 322, КМ341 323, КМ341 304, КМ341 311 моделді темірпештерінде сары дабыл шамы жоқ, ал қуыру шкафының қалған жұмыс алгоритмі сақталған.

■ Қуыру шкафын қосу үшін термореттеуіш тұтқасын сағат тіліне қарсы айналдыра отырып, «0» жағдайына орнату қажет. Жұмыс тәртібін таңдау тұтқасын да оны кез келген жаққа айналдыра отырып, «0» жағдайына орнату қажет.



11 сур.


■ Конвектор ауаның мәжбүрлі қозғалысы есебінен қыздыру шкафының ішінде температураны теңестіру үшін қолданылады.

■ Конвекторды қосу үшін режимдер ауыстырып қосқышының тұтқасын«⅄»таңбасына орнату керек, ал КМ341 361 үлгілі плиталар үшін конвектор басқару панелінде орналасқан батырмамен қосылады.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тағамды қыздырылған қыздыру шкафына салған және шығарған кезде, қыздырғыштармен (ТЭҚ) жанасуға жол бермеу үшін абай болыңыз.
! Қыздырылған электрлік шкаф есігін басқару тұтқаларының шамадан тыс қызуының алдын алу үшін 3 минуттан астам ашық күйінде қалдырмаған жөн.
! Істікте немесе торда тағам әзірленген кезде тор немесе істік астына шырынның және майдың ағуы үшін түпқойма орнату керек.
! Төменгі қыздырғышты қосқан кезде қыздыру шкафының түбіне ыдыс орнатуға және алюминий жұқалтырды қоюға тыйым салынады. Бұл қыздыру шкафының ішінде температураның үйлестірілуінің бұзылуы нәтижесінде эмаль жабынының зақымдануына және тағамның күйіп қалуына алып келуі мүмкін.

13. ІСТІК

■ Плиталар алмалы тұтқасы бар істікпен толымдалады (12 сур. қар.). Істікті орнату және шығару кезінде бұрандалы төлкеге бұралатын тұтқаны пайдалану керек.



12 сур.

1.Қыздыру шкафының сәйкес бағыттаушыларына істік жақтауын орнатыңыз.

2. Шанышқылар арасындағы істік білігіне Сіз әзірлегіңіз келетін өнімді орналастырыңыз, оны істік ортасына орналастырып, істік шанышқыларын бұрамалармен бекітіңіз. Бұрамаларды толымдаушылар салынатын пакеттен алыңыз.

3. Өнімді күнбағыс майымен, немесе жұмсартылған сары маймен, немесе тұздықпен майлаңыз.

4. Істік білігінің өткір ұшын электрлік жетек төлкесіне енгізіңіз, ал екіншісін істік жақтауына орнатыңыз.

5. Төменде торға судың аз мөлшері қосылған, шырын және май жинауға арналған эмальданған түпқойманы орналастырыңыз.

6. Режимдер ауыстырып қосқышының тұтқасын «⊏⊐» таңбасы бар жайғасымға ауыстырыңыз.

7. Термореттегіш тұтқасын «180°С» (конвектормен) немесе «200°С» (конвекторсыз) жайғасымына орнатыңыз.

Әзірлеу кезінде есік жабық болу керек, істік үшін тұтқа шешілу керек.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электрлік жетекпен жабдықталған істікті қолмен мәжбүрлі айналдыруға тыйым салынады!

14. МЕХАНИКАЛЫҚ ТАЙМЕР

Таймер духовкада тағам әзірлеудің және дыбыстық хабарламаның уақыттық аралығын орнату үшін қолданылады.

■ Таймерді белгілі бір уақытқа орнату үшін тұтқаны «0» бастап «60» дейінгі жайғасымға бұрау керек. Кейін, кері жаққа қарай бұрап, тұтқаны қоңыраудың берілуі үшін белгіленген қажетті уақыт белгісіне орнатыңыз.

15. ЭЛЕКТРЛІК-МЕХАНИКАЛЫҚ ТАЙМЕР

Таймер қыздыру шкафында тағам әзірлеудің және дыбыстық хабарламаның уақыттық аралығын орнату үшін қолданылады.

■ Таймерді белгілі бір уақытқа орнату үшін тұтқаны «0» бастап «60» дейінгі жайғасымға бұрау керек, және кері жаққа қарай бұрап, тұтқаны қоңыраудың берілуі және қыздыру шкафының сөндірілі үшін үшін белгіленген қажетті уақыт белгісіне орнатыңыз.

■ Тұтқаның «✋» жайғасымына орнатылуы әзірлеу уақытының ескерілуін бақылаусыз тағам әзірлеуге мүмкіндік береді.

16. ЭЛЕКТРОНДЫ ТАЙМЕР

Таймер ағымдағы уақыты көрсету үшін, қыздыру шкафында немесе темірпештердің бірінде (алдыңғы оң) тағам әзірлеудің және дыбыстық хабарламаның уақыттық аралығын орнату үшін қолданылады.



13 сур.

■ Плита электр желісіне жалғанғаннан кейін таймер индикаторы жыпылықтай бастайды. Ол күту режимінде орналасады. «🔔» батырмасын басу кезінде Сіз таймерді қосасыз. Индикатор жыпылықтауын тоқтатады.

16.1. Ағымдағы уақытты орнату:

1. «🔔» батырмасын басу – үш батырмалы таймер үшін ағымдағы уақытты орнату режимі, бес батырмалы таймер үшін бір уақытта «♨», «▭» батырмаларын басып, 3-5 секунд ұстау керек;

2. «+» немесе «-» батырмаларын басып, ағымдағы уақытты орнату керек. Батырмаларды қысқа уақыт басу индикатор көрсеткіштерін 1 минутқа өзгертеді;

3. Батырманы соңғы рет басқаннан кейін 10 секунд өткен соң таймер ағымдағы уақытты есептеу режиміне ауысады.

16.2. Уақыт аралығын есептеу режимін (таймер режимін) орнату:

1. «+» батырмасын басу – таймер режимі қосылады; осы кезде индикаторда нөлдер жанады;

2. «+» немесе «-» батырмаларымен, күтпей, талап етілетін уақыт аралығын орнату керек (10 сағатқа дейін), батырманы басқан сайын аралық 10 секундқа артады немесе кемиді. Индикаторда «🔔» белгісі пайда болады.

3. Батырманы соңғы рет басқаннан кейін 10 секунд өткен соң уақыт аралығының режимі қосылады, ол аяқталғаннан кейін қоректенудің автоматты сөндірілуі және дыбыстық сигналдың берілуі орын алады, ол «🔔»батырмасын басу арқылы тоқтатылады.

Дыбыс сигналының дауыс қаттылығының өзеруі «-» батырмасын басу арқылы ағымдағы уақыт режимінде реттеледі.

4. Режимді қайтару – «+» батырмасы басу және «-» батырмасымен дисплейде нөлдер белгілеу.

17. ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІ

■ Шаруашылық бөлімі жылжы малы жәшік немесе есігі қайырыла ашылатын жәшік болып табылады. Шаруашылық бөлігі плитаның керек-жарақтарын сақтауға арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шар. бөлімін пайдаланған кезде оған салынған керек-жарақтар жанарғы корпусына жанаспау керек.

18. ҰСЫНЫСТАР


Пісіру, пісіру, рецепт бойынша егжей-тегжейлі кеңестер www.darina.su сайтында берілген.

18.1. ҮСТЕЛ ЖАНАРҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Ыдыс өлшемдерін және жанарғылардың жұмыс режимін алау жиектен шықпайтындай және бүйірлік қабырғаларды «жаламайтындай» таңдау керек (14, 15 сур.). Қақпағы бар ыдысты пайдаланыңыз – бұл әзірлеу уақытын айтарлықтай қысқартады.

■ Сұйықтықты қайнау күйіне жеткізіп, қақпақты алып тастауға немесе жылжытуға мәжбүрлемейтін минималды режимді орнатыңыз. Түбі иілген ыдысты пайдаланбауды ұсынамыз.

Оттықтың жұмыс режимі




14 сур.

18.2. ҮСТЕЛДІҢ ЭЛЕКТРЛІК ТЕМІРПЕШІН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША

■ Үстелдің электрлік темір пешін тиімді пайдалану және электр энергиясын үнемдеу үшін түбі тегіс ыдысты пайдалану ұсынылады. Осы кезде, жылу шығындарын қысқарту үшін ыдыс өлшемдерінің электрлік темірпеш диаметрімен сәйкес келгені жөн.

Электр қыздырғыштың жұмыс режимі



15 сур.

18.3. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША

■ Алғаш пайдалану алдында келесі тармақтарды орындау керек:

- қыздыру шкафын және керек-жарақтардың барлық жинағын (таба, түпқойма және тор) жылы сабынды ерітіндімен жуу керек, кейін таза күйге дейін сүртіп, кептіру керек.
- консервациялық материалдарды тазарту үшін және бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде жиналуы мүмкін ылғалды қыздырғыш элементтерден буландыру үшін, қыздырғыштар толық қуатпен жұмыс жасаған кезде, бос қыздыру шкафын 30 минут бойы жылыту керек. Осы кезде бөлмеде олардың жануынан иіс пайда болуы мүмкін. Желкөзді ашып, бөлмені желдетіңіз.

■ Әзірлеу барысында табаның тордың ортасында орнатылғандығын, артқы немесе бүйірлік қабырғаларға тірелмейтіндігін қадағалаңыз. Қыздыру шкафынан барлық артық заттарды (табалар, кәстрөлдер, пісіруге арналған қалыптар және т.б.) алып тастаңыз. Осы ереженің сақталмауы жылу ағындары айналымының бұзылуына алып келуі және пісірмені бүлдіруі мүмкін.

■ Егер рецептіде айрықша нұсқаулар болмаса, онда әзірленетін тағам қыздыру шкафына орнатылғанға дейін оны пісіру температурасында 10 минут бойы жылыту керек.

■ Әдетте қыздыру шкафында пісіру үшін (180...220)°С шектеріндегі температура пайдаланылады.

19. ПЛИТАҒА КҮТІМ ЖАСАУ

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Жуу алдында, плитаны міндетті түрде электр желісінен сөндіріңіз

19.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР:

■ Плитаны таза күйінде сақтаңыз. Бұл тағамды дәмді қылып, әзірлеу үрдісі Сізге ләззат сыйлайды, ал плита ұзақ уақыт қызмет етеді.

■ Бумен тазалауды пайдалануға болмайды.

Тазарту кезінде келесі құралдарды пайдалануға болмайды:

■ Абразивті материалдар (қатты ұсақ кеуекті заттектер).

■ Плита бетін қайтарымсыз зақымдауы мүмкін, құм, сода, қышқыл және басқа агрессиялық компоненттер құрамына кіретін тазартқыш құралдар.

■ Дақтарды кетіру үшін қатты ысқыштар, металл жөкелер немесе пышақ және басқа қатты заттар.

Тазарту үшін келесі құралдарды пайдалануды ұсынамыз:

■ Жұмсақ мата, микрофибрадан жасалған жұмсақ майлықтар.

■ Жоғарыда аталған заттектер құрамына кірмейтін, арнайы жуу құралдары, ыдысқа арналған

сұйық жуу құралдары.

Пайдалы кеңестер:

■ Төзімді және ескі қатайған дақтарды алдын ала сулап, осыдан кейін құрғақ майлықпен сүрту керек.

■ Майды арнайы құралдың шамалы мөлшері қосылған жылы су көмегімен жууға болады.

■ Жанарғыларды тазарту немесе плита үстелін жуу үшін, жанарғыларды шешуге болады.

■ Ластанған және дымқыл разрядтағыштар жұмыс жасамауы мүмкін. Үстелді және керамикалық разрядтағыштарды тазарту кезінде абай болыңыз. Сынған разрядтағыш жөнделмейді, оны ауыстыру керек.

■ Духовканы пайдаланғаннан кейін оны жуу құралы қосылған жылы сумен жуып, таза болғанша сүртіп, кептіру керек. Май тазалауға арналған арнайы аэрозольді құралды пайдалануға болады.

■ Қыздыру шкафын ол жылы болғанда жуу айтарлықтай жеңілірек. Жабысқан дақтарды дымқыл шүберекпен сулап, тазартқыш құрал көмегімен тазалау керек.

19.2. ЭМАЛЬ ЖАБЫНЫ БАР БӨЛШЕКТЕРГЕ ЖӘНЕ СЫРЛАНҒАН БӨЛШЕКТЕРГЕ КҮТІМ ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

■ Плита үстелі, басқару панелі және қыздыру шкафының ішкі беті силикаттық эмаль жабынымен қапталған. Қалған түр бөлшектері сырмен қапталған.

■ Тазартқыш құралдарды пайдалану алдында жабын төзімділігін жасырын жерде шағын бөлікте тексеру керек.

■ Эмаль жабынымен қапталған бөлшектерді тазарту кезінде сырланған беттерге арналған құралдың сырмен қапталған бөлшектерге түспейтіндігін қадағалаңыз.

■ Сырланған беттердің тазартқыш құралдарға қатысты төзімділігі, эмаль жабындарына қарағанда, төменірек, сондықтан жабынның қайтарымсыз зардаптармен зақымдалуының алдын алу үшін, сырланған беттерді жуу үшін құрамына еріткіштер, абразивті материалдар және сілтілер >5% қосылған жуу және тазарту құралдарын пайдаланбаңыз. Тазартуды аяқтар кезде бетті таза сумен жуып, жұмсақ матамен немесе арнайы майлықпен құрғатып сүртіңіз.

19.3. ТОТ БАСПАЙТЫН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН БӨЛШЕКТЕРГЕ КҮТІМ ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

■ Тот баспайтын болаттан жасалған бөлшектерді (басқару панелі және плита үстелі) тек осы мақсатқа арналған арнайы құралмен сүрткен жөн. Әдетте осындай құрамдар тазартқыш және қорғаныс әсерін көрсетеді. Осы кезде бөлшектің өңделетін бетіне ешқандай қауіп төнбейді, және ол ұзақ уақыт бастапқы көрінісіне ие болады.

Тазарту үшін пайдалануға болмайды:

Құрамына хлорид кіретін залалсыздандырғыш сұйықтықтар немесе ұнтақтар.

Пайдалы кеңестер:

■ Тот баспайтын болатқа күтім жасауға арналған айрықша құраммен жүйелі өңдеу беттің сыртқы көрінісін айтарлықтай жақсартады және оны қорғайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Плитаны пайдаланған кезде дақтар пайда болуы мүмкін немесе түс мардымсыз өзгеруі мүмкін, бұл өндірістік жарамсыздық болып табылмайды және плита жұмысына әсер етпейді.

■ Тазартуды жеңілдету үшін Сіз духовка есігін алып тастай аласыз.

19.4. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫНЫҢ ЕСІГІН КҮТІМІ

19.4.1. Қыздыру шкафының есігін шешу үшін келесі әрекеттерді жасау керек:

1. Есікті көлденең жайғасымға ашыңыз. Есік тіреуіштерінде сол және оң жақта қарастырылған оықтарға есіктің екі тіреуішін енгізіңіз (16 сур.);

2. Күш түсірмей, тіреуіштер топсаларды бекітпегенше, есікті тірелгенше жабыңыз (17 сур.);


3. Есікті жабу керек (18 сур.);

4. Есікті бүйір жағынан ұстап, топсалардың төменгі біліктерін босату үшін өзіңізге және жоғары қарай тартыңыз;


5. Плита тіреуіштеріндегі ойықтардан топсалардың іліністерін босату үшін есікті түсіріңіз.


6. Есікті шешіңіз.

Духовка есігін алу



16 сур.


17 сур.


18 сур.

! ЕСКЕРТУ! Есіктер алынған кезде жұмыстарды жүргізу кезінде ешбір жағдайда есік тіреуіштерін шешуге болмайды, себебі бұл топсалар шетмойындарының кенет серпілісін тудырады, бұл жарақатқа алып келуі мүмкін. Қыздыру шкафын жуған кезде, абай болыңыз – резеңке тығыздағышты зақымдап алмаңыз.
! Қыздыру шкафы есігінің шынысын тазарту үшін қатты абразивті тазартқыштарды немесе қатты металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі олар бетті сырып кетуі мүмкін, ол нәтижесінде сынып кетуі мүмкін.

■ Қыздыру шкафы есігінің шыныларын тазарту бойынша жұмыстар жүргізу үшін Сіз қыздыру шкафының есігін бөлшектей аласыз.

19.4.2. Қыздыру шкафының есігін бөлшектеу үшін келесі әрекеттерді жасау керек:

1. Есікті матаға ішкі шынысын жоғары қаратып көлденеңінен орналастырыңыз;
2. Тұтқаны құлап кетуге қарсы ұстап тұрып, есіктің металл профильдерінің 4 бекіту бұрамасын бұрап алу керек;
3. Есікті бөлшектеп, қажетті жұмыстар жүргізіңіз;
4. Есіктің жиналуын кері реттілікте жүргізу керек.


20. ШАМДЫ АУЫСТЫРУ

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр тоғына ұшырау қаупінің алдын алу үшін, шамды ауыстыруға кіріспес бұрын, плитаның сөндірілгендігіне көз жеткізіңіз.

Шамды аустыру үшін келесі әрекеттер жасау керек:
1. Қорғаныстық шыны қалпақты бұрап алыңыз;
2. Жанып кеткен шамды бұрап алу керек;
3. Жаңа шамды бұрап бекітіңіз*.
4. Қорғаныс қалпағын кері бұрап бекіту керек.

Ескертпе: *Духовка шкафтарына арналған арнайы тағайындалған шам (SPECIAL OVEN), алмұрт тәрізді, цоколь E14, температуралық төзімділігі 300 °C, қуаты - 15 Вт.

Шамды аустыру



19 сур.

21. ЕГЕР МӘСЕЛЕ ПАЙДА БОЛСА...

Орын алған жағдай	Себебі	Жою әдісі
1 . Үстел жанарғысы жанбайды немесе нашар жанады	- жанарғы арналарына бөгде заттар түсті (дақ немесе ылғал);	- жанарғыны тазарту және кептіру;
	- жанарғы қиғаш орнатылған;	- жанарғыны дұрыс орнату;
	- бүріккі ластанған;	- *жұқа сыммен немесе инемен бүріккіні тазарту;
	- желідегі қысым тым төмен.	- газбен жабдықтау қызметіне жүгіну;
2. Жанарғы алау үзілістерімен қинала жанады	- жанарғы арналарына дақ немесе ылғал түсті;	- жану тұрақтанғанша газдың берілісін тұтқамен кеміту;
		- жанарғы қақпағындағы саңылауды тазарту. Орнына орнату алдында жанарғының қақпағын және жоғарғы бетін құрғатып сүрту;
Тұрақсыз алау	- желідегі қысым тым жоғары..	- газбен жабдықтау қызметіне жүгіну;.
3. Не срабатывает устройство безопасности	- термопара шүмекке жалғанатын жерде түйісу жоқ;	- *бекіткіш сомындарды қатайту;
	- термопара ұштығы алауда дұрыс шығарылмаған;	- * термопараның жайғасымын шығару;
	- термопара ақаулы;	- *термопараны ауыстыру;
	- электрлік-магниттік клапан ақаулы;	- *электрлік-магниттік клапанды ауыстыру;
4. Шүмекті басқару тұтқасы сыналанды	- шүмектің майламасы өз ресурсын тауысты.	- *шүмекті майлау (шүмек майламасы кем дегенде 3 жылда 1 рет).
5. Барлық электрлік жабдықтар жұмыс жасамайды	- плита электр желісіне жалғанбаған;	- *плитаны жалғау;
	- қоректену сымы үзілген;	- *қоректену сымын ауыстыру.
6. Электрлік тұтандыру жұмыс жасамайды		
- ұшқын жоқ	- разрядтағыш қатты ластанған немесе сұйықтыққа батқан;	- празрядты тазарту және кептіру;
- ұшқын жоқ, бірақ тұтандырмайды	- разрядтағышқа жалғанған сым зақымдалған;	- *өткізгіштерді ауыстыру;
	- желідегі газ қысымы тым жоғары;	- газдың төменірек берілісі кезінде тұтандыру;
	- рядтағыштың фарфорлық корпусы сынған.	- разрядтағышты ауыстыру.
7. Духовканың немесе қуыру шкафының көмескі жарығы жанбайды	- шамы жанып кеткен;	- шамды алмастыру;
	- сымы зақымдалған.	- *сымды алмастыру.
8. Электрлі конфорка қызбайды	- электрлі конфорка зақымдалған; - ауыстырып-қосқыш зақымдалған; - сым зақымдалған	-* электрлі конфорканы ауыстыру; -* ауыстырып-қосқышты ауыстыру; -* сымды ауыстыру
9. Қақтау ҚЭҚ-і қызбайды	- электр қыздырғышы зақымдалған; - термо реттегіш зақымдалған; - сым зақымдалған	- қатардан шыққан электр қыздырғышты ауыстыру; - термо реттегішті ауыстыру; - сымды ауыстыру
* - жұмыстар сервис қызметімен орындалады.		

22. ЖӨНДЕУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

■ Плитаны табиғи газдан сұйылтылған газға және керісінше және бір қысымнан басқа қысымға ауыстыру жанарғылар бүріккілерін және шағын алау бұрамаларын (ШАБ) ауыстырумен, ШАБ реттелетін шүмектер үшін бүріккілерді ауыстырумен және газ шығынын реттеумен мамандандырылған ұйымдар қызметкерлерімен жүзеге асырылады. Плитаны жинау және оны жөндеу кезінде бүріккілердің орнатылуын 1 кестеге сәйкес жүргізу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жұмыстар жүргізген кезде резеңке сақиналардың зақымданулар, тілімдер, опырулар және т.б. алмағындығын қадағалау керек.

■ Қосылыстар түйіспелерін тығыздау үшін ГМг 2.07 сақиналары қолданылады.

22.1. Жөндеу кезінде, сонымен қатар басқа газ берілісіне ауыстыру кезінде бүріккінің ауыстырылуын жүргізу (20 сур.)

Бүріккілерді ауыстыру үшін келесі әрекеттерді жасау керек:

1. Газ берілетін жалпы шүмекті жабу, плитаның барлық шүмектерін жабу;

2. Плитаны электрлік желіден сөндіру;

3. Үстел торларын, айырғыштары бар жанарғылар қақпағын шешу;

4. S=7 шеткі ұштығы бар кілт көмегімен үстелдегі бүріккілерді ауыстыру, тарту моменті 2…3 Н·м (0,2...0,3 кг·м) аспайды.

Бүріккіні орнатқаннан кейін оның түйіспесін сабындаумен саңылаусыздыққа қатысты тексеру керек, осы кезде бүріккілердің 1 кестеге сәйкес орнатылғандығын қадағалау керек.



22.2. Үстел жанарғыларының шүмектерінде шағын алау бұрамаларын (ШАБ) ауыстыру (21 сур.):

Шағын алау бұрамасын ауыстыру үшін келесі әрекеттерді жасау керек:


1. үстел торларын, айырғыштар бар жанарғы қақпақтарын шешу, жанарғылар корпустарын бекітетін бұрамаларды бұрап алу, жоғарғы панельді шешу;

2. басқару тұтқаларын, қайырмаларды, басқару панелін шешу;

3. ШАБ бұрап алу және оларды 1 кестеге сәйкес ауыстыру;

4. жинау кері тәртіпте жүргізіледі, осы кезде бекініс элементтерінің тартылуының сәйкес моменттерін және шағын алау бұрамасының плитаны пайдалану кезінде қолданылатын газ түріне сәйкестігін қамтамасыз ету керек.

Шағын алау бұрамаларын (ШАБ) ауыстыру



21 сур.

■ Шағын алау бұрамасы (ШАБ) Мкр=4 Н·м.(0,4 кг·м) моментімен орнатылады. Бұраманы орнату алдында оны МЕСТ 20799-88 И-20А майымен майлау керек. Бұрама түрі 1 кесте бойынша газ түрімен (табиғи немесе сұйылтылған) анықталады.

ШАБ ауыстырғаннан кейін оның түйіспесін сабындаумен саңылаусыздыққа қатысты тексеру керек, осы кезде ШАБ 1 кестеге сәйкес орнатылғандығын қадағалау керек.

22.3. Үстел жанарғыларының реттелетін ШАБ баптау.

■ Плиталарды табиғи газдан сұйылтылған газға және бір қысымнан басқа қысымға ауыстырған кезде, реттелетін ШАБ бар шүмектермен жабдықталған плиталар үшін, бүріккіні ауыстырғаннан кейін ШАБ реттеу керек. Газ шығынын реттеу ШАБ ауыстырусыз, шүмекті «шағын алау» жайғасымына ауыстыру кезінде, жанарғы алауының тұрақты жануы қамтамасыз етілгенше оны бұру арқылы жүргізіледі, осы кезде барлық басқа жанарғылар «үлкен алау» жайғасымында жұмыс жасау керек

■ ШАБ шүмек сояуышында орналасатын шүмектер үшін реттеу сояуыштағы саңылау арқылы бұрғымен жүзеге асырылады.

23. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

■ Плитаны тасымалдау және сақтау зауыттық қаптамада, тік қалыпта, биіктік бойынша үш қабатан аспайтындай жүзеге асырылу керек.

■ Көлік және қоймалар плиталардың атмосфералық жауын-шашынға және механикалық зақымдануларға қарсы қорғанысты қамтамасыз ету керек.

■ Плита табиғи желдетілетін орынжайларда минус 50 °С бастап плюс 40 °С дейінгі ауа температурасында, 75% аспайтын салыстырмалы ылғалдықта, ауада плита материалдарына зиянды әсер тигізетін қышқылды және басқа булар болмаған кезде сақталу керек.

24. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

■ Көлік орамында қолданылатын материалдар экологиялық таза. Ораманың ағаш бөлігі қайта өңделеді, көбіктендірілген полистирол қатты тұрмыстық қатты қалдықтар ретінде жойылады және қоқыспен бірге тұрмыстық қалдықтармен бірге орналастырылады. Қаптаманың барлық қалған бөліктері қолданыстағы экологиялық заңнамаға және қалдықтарды жою ережелеріне сәйкес қайта өңделуге жатады. Қайта өңдеуге оралған орауды үнемдеуге және қалдықтарды қысқартуға әкелетінін есте сақтаңыз.

■ Егер Сіз ескі плитаны ауыстырғыңыз келсе, оны мамандандырылған ұйымға тапсыру керек.

■ Егер плита қоқыс жинайтын жерге жөнелтілсе, оны барынша қауіпсіз қылу үшін қамданыңыз. Осы мақсатта шүмектерді шешіп және духовка есігінің шыныларын жеке кәдеге жаратып, қоректену сымын кесіп, істік қозғалтқышын шешіп, оны істен шығару керек.

25. ЗАУЫТ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«ГАЗПРОМ БЫТОВЫЕ СИСТЕМЫ» АҚ ЧАЙКОВСКИЙ ФИЛИАЛЫ
Ресей, 617762, Пермь өңірі, Чайковский қ., өнеркәсіптік ауданы «Сутузово»,
Пошталық мекен-жайы: Ресей, 617762, Пермь өңірі, Чайковский қ., Советская көш., 45, а/ж 402
Тел. сервис қызметі: (34241) 7-28-88**, тегін жедел желі: 8-800-775-80-78**
E-mail: service@darina.su

26. ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАР ТІЗБЕСІ

МЕСТ Р 50696-2006 Ас әзірлеуге арналған тұрмыстық газ аспаптары. Жалпы техникалық талаптар және сынақ әдістері

МЕСТ IEC 60335-1-2015 Тұрмыстық және аналогты электрлік аспаптар қауіпсіздігі. Бөлім 1. Жалпы талаптар.

МЕСТ IEC 60335-2-6-2010 Тұрмыстық және аналогты электрлік аспаптар қауіпсіздігі. Бөлім 2.6. Стационарлық асүйлік плиталарға, темірпешті панельдерге, духовка шкафтарына және аналогты аспаптарға арналған жеке талаптар.

МЕСТ 30804.3.2-2013 Техникалық құралдардың электрлік-магниттік үйлесімділігі. Тұтынылатын тоғы 16 А (бір фазада) аспайтын техникалық құралдармен тоқтың гармоникалық құраушыларын эмиссиялау. Нормалар және сынақ әдістері.

МЕСТ 30804.3.3-2013 Техникалық құралдардың электрлік-магниттік үйлесімділігі. Жалпы тағайындалған электр қуатымен жабдықтайтын төмен вольтті жүйелерде кернеу өзгерістерін, кернеу және фликер тербелістерін шектеу. Белгілі бір қосылыс шарттары сақталмаған кезде электр желісіне қосылатын, тұтынылатын тоғы 16 А (бір фазада) аспайтын техникалық құралдар. Нормалар және сынақ әдістері.

МЕСТ 30805.14.1-2013 Техникалық құралдардың электрлік-магниттік үйлесімділігі. Тұрмыстық аспаптар, электрлік құралдар және аналогты құрылғылар. Индустриалдық радиокедергілер. Нормалар және сынақ әдістері.

МЕСТ 30805.14.2-2013 Техникалық құралдардың электрлік-магниттік үйлесімділігі. Тұрмыстық аспаптар, электрлік құралдар және аналогты құрылғылар. Электрлік-магниттік кедергілерге қатысты төзімділік. Талаптар және сынақ әдістері.

Плита үлгілерінің жіктелімі

KZ

Плиталардың жайлылық элементтерімен жабдықталуы оның үлгісіне сәйкес келеді. Плита құрылымы үнемі жетілдіріледі, сондықтан өндіруші өзіне осы нұсқаулыққа өзгерістер енгізусіз құрылымға өзгерістер енгізу құқығын қалдырады.

Т/т №	Плиталардың жайлылық элементтері	КМ341 плиталарының үлгілік қатары														
		КМ341 301	КМ341 304	КМ341 305	КМ341 306	КМ341 307	КМ341 308	КМ341 311	КМ341 312	КМ341 313	КМ341 321	КМ341 322	КМ341 323	КМ341 359	КМ341 361	КМ341 362
1.	Қуаты 2,0 кВт үстел жанарғылары	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
2.	Қуаты 3,0 кВт үстел жанарғылары	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
3.	Қуаты 1,0 кВт жанарғы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	-	+	+	+
4.	Қуаты 1,0 кВт электрлік темірпеш	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	+	+	-	-	-
5.	Қуаты 1,5 кВт электрлік темірпеш	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
6.	Үстел жанарғыларының «газ-бақылау» құрылғысы	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	+	+
7.	Үстел жанарғыларының электрлік тұтандырылуы	-	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+
8.	Қыздыру шкафының қыздырғыштары: Төменгі ТЭҚ - 1,2 кВт Жоғарғы ТЭҚ - 0,8 кВт Гриль ТЭҚ - 1,5 кВт Сақиналы ТЭҚ - 1,5 кВт	 + + - -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + +	 + + - -	 + + - -	 + + - -	 + + + -	 + + + -	 + + + -
9.	Терморетгегіш	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
10.	Қыздыру шкафы жұмысы режимінің ауыстырып қосқыштары: 5 - жайғасымды 10 - жайғасымды	 + -	 + -	 +	 + -	 + -	 + -	 - +	 - +	 - +	 + -	 + -	 + -	 + -	 - +	 - +
11.	Электрлік істік	-	-	-	+	-	+	-	-	+	-	-	-	+	-	-
12.	Механикалық / электрлік-механикалық таймер	-	-	-	-	+	+	-	+	+	-	-	-	-	-	+
13.	Электронды таймер	-	-	+	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	-	-
14.	Конвектор	-	-	-	-	-	-	+	+	+	-	-	-	-	+	+
15.	Жылжымалы жәшік	-	-	+	+	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+
16.	Шаруашылық бөлімі	+	+	-	-	-	-	-	-	-	-	+	-	-	-	-
17.	Жарықтандыру	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
18.	Жерге тұйықтау	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
19.	Реттелетін тіреуіштер	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

Плиталар стилі:

D - Стиль панорамалық, көлемді, шыны қақпақпен

1D - Стиль панорамалық, көлемді, шыны қақпақпен, өзгертілген дизайн

1D1 - Стиль панорамалық, көлемді, шыны қақпақпен және үстелдің шойын торларымен

F - Стиль панорамалық, шыны қақпақпен, жаңартылған дизайн

F1 - Стиль панорамалық, шыны қақпақпен және үстелдің шойын торларымен

E - Стиль панорамалық, металл қақпақпен немесе қалқанмен

1B – Стиль классикалық, шыны қақпақпен

1A - Стиль классикалық, металл қақпақпен немесе қалқанмен

Сіздің плитаның орындалу нұсқасы «Қабылдау туралы куәлік» бөліміндегі кепілдік міндеттемелерінде көрсетілген.

Классификация моделей плит

Оснащение плит элементами комфортности соответствует ее модели. Конструкция плиты постоянно совершенствуется, поэтому изготовитель оставляет за собой право изменения конструкции без внесения изменений в данное руководство.

№ п/п	Элементы комфортности плит	Модельный ряд плит КМ341														
		КМ341 301	КМ341 304	КМ341 305	КМ341 306	КМ341 307	КМ341 308	КМ341 311	КМ341 312	КМ341 313	КМ341 321	КМ341 322	КМ341 323	КМ341 359	КМ341 361	КМ341 362
1.	Горелки стола мощностью 2,0 кВт	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
2.	Горелка стола мощностью 3,0 кВт	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
3.	Горелка мощностью 1,0 кВт	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	-	-	+	+	+
4.	Электроконфорка мощностью 1,0 кВт	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	+	+	-	-	-
5.	Электроконфорка мощностью 1,5 кВт	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
6.	Устройство «газ-контроль» горелок стола	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	+	+
7.	Электророзжиг горелок стола	-	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+
8.	Нагреватели жарочного шкафа: ТЭН - нижний - 1,2 кВт ТЭН - верхний - 0,8 кВт ТЭН - гриль - 1,5 кВт ТЭН - кольцевой - 1,5 кВт	 + + - -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + -	 + + + +	 + + - -	 + + - -	 + + - -	 + + + -	 + + + -	 + + + -
9.	Терморегулятор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
10.	Переключатели режимов работы жарочного шкафа 5 - позиционный 10 - позиционный	 + -	 + -	+	 + -	 + -	 + -	 - +	 - +	 - +	 + -	 + -	 + -	 + -	 - +	 - +
11.	Вертел электрический	-	-	-	+	-	+	-	-	+	-	-	-	+	-	-
12.	Таймер механический / электромеханический	-	-	-	-	+	+	-	+	+	-	-	-	-	-	+
13.	Таймер электронный	-	-	+	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	-	-
14.	Конвектор	-	-	-	-	-	-	+	+	+	-	-	-	-	+	+
15.	Выдвижной ящик	-	-	+	+	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+
16.	Хозяйственный отсек	+	+	-	-	-	-	-	-	-	-	+	-	-	-	-
17.	Освещение	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
18.	Заземление	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
19.	Регулируемые опоры	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

Стиль плит:

D - Стиль панорамный, объёмный со стеклянной крышкой

1D - Стиль панорамный, объемный со стеклянной крышкой, измененный дизайн

1D1 - Стиль панорамный, объемный со стеклянной крышкой и чугунными решетками стола

F - Стиль панорамный со стеклянной крышкой

F1 - Стиль панорамный со стеклянной крышкой и чугунными решетками стола

E - Стиль панорамный с металлической крышкой или со щитком

1B - Стиль классический со стеклянной крышкой

1A - Стиль классический с металлической крышкой или со щитком

Вариант исполнения Вашей плиты указан в гарантийных обязательствах в разделе «Свидетельство о приёмке».

ред. 04/ 04. 22